

ҚР КЕТТЛИНГТІ ҚОЛДАНУ: ОЗБЫРЛЫҚ ҚҰРАЛЫ



STOP
КЕТЛИНГ
Кампаниясы

Авторлары: Теміртас Нагиметуллаев, Айгерім Тлеужанова

Мамыр 2021



Мазмұны

	Бет.
Кіріспе	1
Полиция бассыздығы ма? Тек қана фактілер	1
Кеттинг деген не?	3
Кеттингті қолданудың салдары	4
ҚР ресми тұлғаларының кеттинг туралы пікірі	5
Қазақстандық құқыққорғаушылардың кеттинг туралы пікірі	6
Кеттингті қолданудың халықаралық нормалары	7
Арызды қайда жазу керек (жергілікті деңгейде)	9
Арызды қайда жазу керек (халықаралық деңгейде)	9
Кеттингте қалып қойған адамдарға арналған кеңестер	10
Өтініш (үлгі)	11

Кіріспе

2020 жылдың маусым айынан бастап Қазақстанда полиция наразылық акцияларына қатысушыларды тыныштандырудың жаңа әдісін қолдана бастады. Полиция оларды тығыз шеңберге алып, не су-тамақ ішуіне, не дәрет сындыруына мүмкіндік берместен шеңберден ешқайда шығармай, он сағаттан артық уақыт ұстап тұрды. Мұндай шаралар қазақстандық заңнамада жазылмаған, бірақ есесіне әлемде белгілі. Бұл әдіс - кеттинг деп аталады. Бірақ кеттингті наразылық білдірушілерге қарсы негізсіз және ретсіз қолдану ЗАҢҒА ҚАЙШЫ және АЗАПТАУМЕН ТЕҢ.

Полиция бассыздығы ма? Тек қана фактілер

• 2020 жылғы 6 шілдеде – Нұрсұлтан Назарбаевтың туған күнінде - Алматы мен Нұр–Сұлтан қалаларында бірнеше оппозициялық топтар биліктен несиелік рақымшылық жасауын, саяси тұтқындарды босатуын және шетелдіктерге жер сатуға тыйым салуын талап ет үшін шықпақ болды. Алматыда Республика сарайы ауданында полиция тіркелмеген оппозициялық Демократиялық партияның отыз шақты жақтаушыларын қоршап алып, оларды үш сағатқа жуық шеңберде ұстады.¹

• 2020 жылдың 16 желтоқсанында, Тәуелсіздік күні, Алматы қаласы, Республика алаңында полиция наразылық білдірушілерді екі шағын топқа бөліп, шеңберге алды. Қоршауға қайтадан Демократиялық партия

¹ “Белсенділер ЖҚАЖ шеңберінде. Алматыдағы наразылықтарды қалай басты”, «Азаттық» Радиосы (<https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-rallies-6-june/30656050.html>).

жақтастары және олардан біраз алшақ жерде «Oyan, Qazaqstan» жастар оппозициялық қозғалысының мүшелері алынды. Полиция екі топты да үш сағат бойы аязда ұстап тұрды. Сонымен қатар, қала әкімдігі және полицияның айтақтауы және бақылауымен белгісіз тұлғалар шеңберде тұрғандарға тіл тигізіп, қорлап, олармен төбелес ұйымдастыруға тырысты.²



• 2021 жылдың 10 қаңтарында, Сайлау күні, Алматыда, қайтадан тіркелмеген Демократиялық партия мен «Oyan, Qazaqstan» жастар қозғалысының өкілдері өтіп жатқан сайлауға қарсы екенін және оның нәтижелерін мойындамайтынын білдіргісі келді. Республика алаңындағы екі топты полиция қоршауға алып, сәйкесінше тоғыз және жеті сағат ұстады. Сонымен қатар, екі жағдайда да, колонкалар мен аппаратура әкелініп, белгісіз тұлғалар полицияның бақылауымен музыканы қатты қосып, оны наразылық білдірушілерді тыңдауға мәжбүр етті. Полицияның бақылауындағы адамдар қоршауда тұрған адамдарды бірнеше рет ұрып, оларды қорлады. Шеңберде тұрған адамдар дәретханаға жіберілмеді, оларға тамақ пен ыстық сусындар беруге рұқсат етілмеді. Шеңберден тек есінен танып қалған адамдарды және денсаулығы сыр беріп, «жедел жәрдем» келген кезде ғана

² “Белсенділер ЖҚАЖ шеңберінде. Алматыдағы наразылықтарды қалай басты”, «Азаттық» Радиосы (<https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-almaty-opposition-groups-rally/31003464.html>)

шығарылып жатты. Осы бірнеше сағат ішінде бірқатар адам үсіп қалды. Сондай – ақ, бұл күні Алматының басқа алаңы - Астана алаңында - полиция тіркелмеген Қазақстанның демократиялық таңдауы³ оппозициялық қозғалысының наразылық білдірушілерінің екі тобын кеттлингке алды. Бұл жағдайда оларды қоршауда шамамен бір сағат ұстаған соң, оларды жеке-жеке ұстап, полиция бөлімшелеріне⁴ жеткізді.



• 2021 жылдың 28 ақпанында Алматыда Демократиялық партия «Еуропалық Парламент қарарының талаптарын орындау, шетелдіктерге қазақстандық жерді жалға беруден бас тарту, Қазақстанда несиелік рақымшылық және саяси реформалар жүргізу» талаптарымен Спорт сарайынан Республика алаңына дейін шеру өткізбек екенін жариялады. Алайда, бұрынғыдай, полиция белсенділерді Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайы маңында қоршауға алып, оларды 10,5 сағат шеңберде ұстады. Қоршаудан шығуға тырысқан кезде үш адам полиция қызметкерлерінің қолынан жарақат алды. Әдеттегідей полиция қоршаудағы адамдарды қорлау үшін сол жерге арандатушыларды әкелді және наразылық білдірушілердің мазасын алу үшін музыканы бар дауысымен қойып қойды. Сол күні Нұр-

³ Қазақстанда аудандық соттың шешімі бойынша экстремистік деп тыйым салынған, алайда Еуропалық Парламент оны бейбіт оппозициялық қозғалыс деп таныған.
⁴ “Қыстың күні алаңда тұру”, HolaNews.kz интернет-басылымы (<https://holanews.kz/news/88487/>)

Сұлтан қаласында полиция Қазақстанның Демократиялық таңдауы⁵ оппозициялық қозғалысының наразылық білдірушілерін «Артем» базары маңында қоршауға алып, аязда бірнеше сағат ұстап тұрды. Дәрет сындыруы үшін үш әйелге шеңберден шығуға рұқсат берілді, бірақ оларды бірден ұстап, полиция бөлімшесіне алып кетті⁶. Сол күні Атырауда да танымал азаматтық белсенді Макс Боқаев өз жақтастарымен (10 адам) дәл осындай талаптармен алаңға шықты. Оларды да полиция бірден қоршауға алды. Боқаев жақтастарын үй-үйлеріне тарауларын сұраған соң ғана полиция оларды босатты.



• 2021 жылдың 5 сәуірінде полиция Алтынтөбе ауылында (Шымкент қаласының жанында орналасқан) алтын бұйымдарды дайындау шеберханасының қызметкерлеріне қатысты кетлингті қолданды. Олар шеберхана директоры қамауға алынғаннан кейін алдын ала ұйымдастырылмаған митингке шықты. Осыдан кейін ауылға арнайы полиция жасақтары енгізілді. Шамамен 50 адамнан тұратын топ қоршауға алынды және бір сағаттан кейін барлығы ұсталып, полиция бөлімшелеріне⁷ жеткізілді.

Стр 2

⁵ Қазақстанда аудандық соттың шешімі бойынша экстремистік деп тыйым салынған, алайда Еуропалық Парламент оны бейбіт оппозициялық қозғалыс деп таныған.

⁶ “Өзара құрметсіздік күні”, Адам құқықтары бойынша бюро сайты (<https://bureau.kz/goryachee/den-vzaimnogo-neuvazheniya/>), “Қазақстан полициясы кетлингті митингке шыққандарға қайта қолданды”, «Азаттық» Радиосы (<https://rus.azattyq.org/a/31125701.html>).

• 2021 жылдың 25 мамырында Нұр-Сұлтан қаласында полиция Бағлан Орынбековтың отбасын, оның ішінде тоғыз баласын кетлингке алды. Олар өздерінің тұрғын үй мәселесін шешу үшін, Президент Әкімшілігіне бет алған еді. Шеңберде оларды шамамен жарты сағаттан бір сағатқа дейін ұстап тұрды, шеңберден жіберген кездің өзінде, әкімшілікке баратын жолды бөгеп, әрі қарай жүргізбеді⁸.

Кетлинг дегеніміз не?

Кетлинг — бұл наразылық білдірушілер тобын полиция кордондарымен қоршап алу және оларды ұзақ уақыт бойы сол қоршаудың ішінде ұстау тактикасы. Кейіннен наразылық білдірушілер жіберілуі немесе тұтқындалуы немесе бір-бірілеп тінтілуі, сәйкестендірілуі және босатылуы мүмкін.

Полиция қызметкерлері үшін кетлинг тактикасының айтарлықтай артықшылықтары бар. Ашу-ыза кернеген үлкен топтарды полиция қызметкерлерінің аз санымен-ақ бақылауда ұстауға мүмкіндік береді. Кетлингті әдетте құқық қорғау органдары жалпыұлттық наразылықтар және ірі толқулар кезінде қолданады.

Бұл атау ағылшын тіліндегі «kettle» және неміс «kessel» сөзінен шыққан, бұл сөз тікелей аударғанда «қазан» дегенді білдіреді. Кетлинг бастапқыда әскери әдіс болды. Wall Street Journal-дың жазуы бойынша, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде неміс армиясы «keil and kessel» әдісін «тесіп өтіп, қоршап алу үшін» қолданды. Осылайша, үлкен армия жаудың шағын топтарын қоршап алып

⁷ “Полиция кетлингті қолданып, Шымкент маңындағы алдын ала ұйымдастырылмаған митингтен 50-ге жуық ауыл тұрғынын алып кетті”, «Азаттық» Радиосы (<https://kaztag.kz/ru/news/politsiya-primenila-ketling-i-zabrak-oko-50-selchan-so-stikhinogo-mitinga-bliz-shymkenta>).

⁸ См. «Полиция Ақордаға бара жатқан көп балалы отбасын кетлингке алды», «Азаттық» Радиосы (<https://rus.azattyq.org/a/31272567.html>)

отырды. Wordorigins.org. деректері бойынша бұл әдіс аң аулау тәсілі ретінде де қолданылды. Жануарды қоршап, қоршауды тарылтып, соңынан жануарды өлтіреді.

Германияда полиция кеттинг әдісін 1986 жылдан бастап ядролық қарусыздануды жақтаушыларға қарсы, Ұлыбританияда — 1991 жылдың наурызынан бастап, яғни, Лондондағы Трафальгар алаңындағы тәртіпсіздіктер кезінде қолданды. 1999 жылы кеттинг тәсілі алғаш рет қоғамдық назарға ілікті. Сол жылы Лондон полициясы Сиэтлдегі ДСҰ саммитіне қарсы наразылықтарға ынтамақтастығын білдірген анархистік және анти-капиталистік демонстранттарды кеттингке алған еді. Осыдан кейін кеттинг Еуропа мен Солтүстік Америка елдерінде ондаған рет қолданылды (Соңғы рет – Black Lives Matter қозғалысының наразылықтары кезінде).

Кеттингті Еуропа мен Америкада да қолданудың даулы екеніне қарамастан, Қазақстанмен салыстырғанда, ол елдерде наразылық акциялары бейбіт емес формаға өтуге шақ қалып немесе жаппай тәртіпсіздік орын алу қауіпі болған. Назылыққа қатысушылардың саны да Қазақстандағы наразылық білдірушілермен салыстыруға келмейді. Алайда, қазақстандық полиция кеттингті тек қана бейбіт наразылық білдірушілерге қарсы қолданады, сонымен қатар, әдетте, полиция қызметкерлерінің саны бейбіт жиынға қатысушылардың санынан бірнеше есе артады.

Кеттингті қолданудың салдары

Халықаралық құқық қорғау ұйымдары кеттингтің кейде жөнсіз (яғни, ұжымдық жаза ретінде) қолданатыны үшін және оны қолдану барысында Заңмен және Еуропалық адам құқықтары конвенциясымен кепілдендірілген адамның негізгі бостандықтары шектелетінен байланысты бірнеше рет сынаған болатын.

Кейбір кездері полиция қоршауында қалып қойған азаматтардың ұзақ уақыт бойы не су ішуіне, не тамақ жеуіне, не дәретханаға шығуға мүмкіндігі болмаған. Сол себепті, кеттингте тұрған адамдардың көбі кейіннен үрей ұстамасы, тыныс алу проблемасы сияқты ауруларға шалдыққан. Бұл ауа температурасы нөлден төмен болған күні көшеде бірнеше сағат тұрғаннан болуы мүмкін.

2021 жылдың 10 қаңтарында, Алматыда, Республика алаңында кеттингке ұшыраған Демократиялық партия мүшесі Аружан Дүйсебаева есінен танып қалды. Белсенді Әсем Жапишеваның омыртқасына зақым келтірілді. Оны «жедел жәрдем» алып кетті. «Oyan, Qazaqstan» қозғалысының кейбір мүшелері үсіп қалып, ауруханаға түсіп жатты.

Аружан Дүйсебаева: *«Шынымды айтсам, «жедел жәрдемнің» қалай келгені есімде жоқ. Дене бойым дірілдеп, аяқ-қолым сырқырап кетті. Шеңберде бізбен бірге жүкті әйел болған. Тек оның менің қол-аяғымды уқалағаны есімде. Содан кейін мені "жедел жәрдемге" апарып, қысымымды өлшеді. Мұрнып тақап, бірдеңені иіскетті. Содан кейін біз ауруханаға бардық».*

Әсем Жәпішева: *«Олар ешкімді дәретханаға жібермеді. Бұл ең ауыр, қатал, адамгершілікке жатпайтын әрекет болды. Ыстық шай мен тамақ әкелген адамдарды бізге жолатпады. Біздің заңгерлер мен құқық қорғаушыларды да жібермеді. Бізді қоршауда ұстады. Олар бізді ұрып-соғу үшін арандатушыларды шеңберге кіргізіп шығарып отырды. Олардың арасында, мысалы, біздің Олимпиада чемпионы Ермахан Ибраимов та болды».*

Гүлзада Сержан: *«Тығыз шеңберде ұстады. Үш қатар темір тепсе үзетін жас жігіттер. Үш әйелдің дәл сол жерде дәрет сындыруына тура келді. Мен бірінші болдым. Өйткені, дәретті ұзақ уақыт бойы денеден ұстау денсаулыққа зиян тигізуі мүмкін. Бізді үш қатар ер адам қоршап тұрды. Ол жерде біздің әріптестеріміз тұрды. Олардың көзінше дәрет сындыруымызға тура келді».*

Көз алдында. (Дәрет сындырған кезде) ер адамдар теріс бұрылды, әйелдер басқа жаққа қарап тұрды. Ал олар / арнайы күштер / болса тесіліп, қарап тұра берді».

Айзат Әбілсейт: «Жылыну үшін шеңбердің ішін айналып жүргенде, есімнен танып қала жаздадым, сол себепті жерге отырдым: күшім қалмады. Басымда тек бірақ сұрақ болды: Қашан жата алар екенмін? Бұл барып тұрған азаптау».

Олеся Шыназарова: «Қоршап алды да, бар күшімен итере бастады. Айсана [Әшім] құлап қалды. Қыздың аяқ киімі жыртылды. Мен басымды [ұрып алдым] ... Бізді бір жерден екінші жерге дейін итеріп апарды. Бұрышқа дейін итеріп, осы бұрышта алты сағат бойы ұстады. Біз қатып қалдық».

Дархан Шәріпов: «Жігіттер шеңбердің ішінде тұрып дәрет сындыруға мәжбүр болды. Картон қағаздардың үстіне тұрдық, бір-бірімізді құшақтап, жылынуға тырыстық. Суық аяқтан өтіп кетті. Аяғымды әлі күнге дейін жылыта алмай жүрмін. Ал ЖҚАЖ жауынгерлері ауысып тұрды – барып жылынып, тамақ ішіп, машинаға отырып келіп жатты. Олардың мұндай проблемасы болған жоқ. Дәрігерлер маған үсіп қалдыңыз, ангинаңыз асқынып кетті деген диагноз қойды. Ем жазып беріп, дәрі тамызғыш салды».

Бауыржан Әділханов: «Бізді қоршап бастады. Айсана Әшім асфальтқа құлап түсті. Денесін қатты ауыртып алды, мен оған тұруға көмектестім. Өзім біраз қарсылық көрсетуге тырыстым, бірақ баруға тұру келетінін түсіндім. Бір сағат өтпей жатып, аяғым қатты тоңып қалды. Журналисттердің біреуін аяқ астына қоятын бірдеңе әкеп беруін сұрадым. Ол картон қағаз әкеп берді. Қоқыс жәшігінен

алған болар. Соның үстіне тұрдым. Сол күні өте қатты суық болды, менің аяғым үсіп қалды».

ҚР ресми тұлғалары кетлинг туралы пікірі

Алматы полиция департаментінің бастығы **Қанат Таймерденов** 2020 жылғы 28 желтоқсанда өткен брифингте журналистердің 16 желтоқсанда алаңға шыққан Оуан, Qazaqstan қозғалысының және Демократиялық партия құру жөніндегі топтың белсенділерін неге тығыз шеңберге алғаны туралы сұрағына жауап берді: «Біз оларға (тараңдар деп) айттық, бірақ олар кеткісі келмеді. Ол жерде әкімдік, прокуратура өкілдері болды, олар заң нормаларын түсіндірді, бірақ олар бағынбады⁹».

Полиция қоршауында тұрып, зардап шеккен «Оуан, Qazaqstan» жастар қозғалысының белсендісі **Айзат Әбілсейітке**¹⁰ прокуратураның жауабында: «Қызметтік тергеу қорытындысына сәйкес полиция қызметкерлерінің іс-әрекеттерінде қылмыстық жазаланатын әрекеттер тапқан жоқ. Осыған байланысты, 10.02.2021 ж. Алматы қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің тергеушісі А. Рахымбай аталған материалды номенклатуралық іске шығарды», - делінген.

2021 жылғы 1 наурызда, ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілі (Омбудсмен) **Эльвира Әзімова** «Азаттық» радиосымен (RFE/RL қазақ қызметі) телефон арқылы сөйлескен кезде: «Бұл жөнінде ЕҚЫҰ-ның ұсынымдары бар. Бұл тек қауіпсіздікке қатысты шара. Бұл шараны қолдану Қоғамдық белсенділермен ашық диалог

⁹ “Алматы полициясы 16 желтоқсан күні наразылық білдірушілерді кетлингке олар «бағынбағандықтан» алдық деп түсіндірді”, «Азаттық» Радиосы (<https://rus.azattyq.org/a/31023271.html>).

¹⁰ “Алматы прокуратурасы сайлау күні көп сағаттық кетлингте «қылмыстық жазаланатын әрекеттерді»

байқамайды, «Азаттық» Радиосы (<https://rus.azattyq.org/a/31105903.html>).

негізінде норматив ретінде бекітілуі керек»¹¹- деп айтты.

Қазақстандық құқық қорғаушылардың кеттлинг туралы пікірі

«Қадір-қасиет» қоғамдық бірлестігінің сарапшысы Анар Ибраеваның айтуынша, жиналғандарды ЖҚАЖ шеңберінде бірнеше сағат ұстау – кеттлинг – Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (АСҚХП) төрт бабын бұзады, сондай – ақ азаматтық және саяси құқықтар мен бостандықтарды шектеуді түсіндірудің Сиракуз қағидаттарына сәйкес келмейді: *«Кеттлинг АСҚХП-нің 19 бабын - пікір білдіру бостандығын - бұзады. Сондай – ақ бейбіт жиындар еркіндігі туралы 21 бапты, бостандық пен жеке басына қол сұғылмаушылық құқығы туралы 9-бапты бұзады. Бәрі адамның жеке бас бостандығын шектеп, бір жерден екінші жерге өз еркімен жүруіне кедергі жасап, ұстап тұруға байланысты. Сонымен қатар, бұл әрекет тағы бір заң бұзушылық – адамға қатыгездік таныту – ретінде қарастырылуы мүмкін».*

Евгений Жовтис, Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросының директоры: *«Кеттлинг бір мезгілде бірнеше құқықты бұзады. Бейбіт жиналысқа қатысу: адам оған қатыса алады немесе одан қалаған кезде кете алады. Егер адамдарды бір жерден босатпай ұстап тұрса, ол заңсыз ұстау болып табылады! Егер билік біреу заңды бұзды немесе ұйымдастырушылар митинг туралы хабарлау ретін бұзды деп санаса, онда оларды ұстап алып, қолданыстағы*

заңнамаға сәйкес, егер оларды әкімшілік жауапкершілікке тартуға негіз болса, құқық қорғау органдарына жеткізуі керк. Адамдарды он сағат бойы аязда ұстау - бұл бейбіт жиналыстарға қатысу, жеке бас бостандығы, азаптау мен қатыгездіктен азат болу құқықтарын бұзу болып табылады. Бұған күмән жоқ».

Татьяна Чернобил, адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық бойынша сарапшы: *«Кеттлинг - бұл нақты ұстау. Неліктен нақты? Себебі ол процессуалыдық түрде ресімделмеген. Адамдардың жүріп-тұру еркіндігін шектеу және бір жерден босатпай ұстап тұру – нақты ұстап болып табылады. Мұны ешкім де даулай алмайды. Сондықтан бұл нақты ұстау. (...) Кез келген жағдайда да адамды заңсыз тұтқындауға болмайды. Сонымен қатар, кеттлинг кезінде адамның жүріп-тұру еркіндігі мен ақпаратқа қол жеткізу құқығы сияқты іргелі құқықтары да шектелген. Полиция қызметкерлері қоршауда тұрған адамдарға ешқандай ақпарат бермеген: қандай айып тағылғанын да, бұл жерде қанша уақыт тұратынын да. Сонымен қатар, бұл қорғау құқығын шектеу болып та табылады. Себебі, адамдарға олардың құқықтары туралы ақпарат берілмейді, яғни, қорғаушыға жүгінуге мүмкіндік бермейді. Бұл сондай-ақ адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау деп саналады. Мысалы, бірнеше рет кеттлингте бес сағаттан астам уақыт тұрған адамдар басқа адамдардың көзінше шеңбер ішінде дәрет сындыруына мәжбүр болған. Бұл адамның ар-намысына тиетін жағдай. Бұған жол беруге болмайды. Мұның бәрі біздің Конституциямызда жазылған».*

¹¹ «Омбудсмен кеттлингті қауіпсіздікті қамтамасыз ету шарасы деп атады», «Азаттық» радиосы, <https://rus.azattyq.org/a/31127170.html>).

Кеттлингті қолданудың халықаралық нормалары

Жоғарыда сипатталған полиция тактикасы көптеген елдерде халық жаппай наразылық акцияларына шыққан кезде, тәртіпсіздіктің алдын алу шарасы ретінде қолданылады.

Бұл тактика туралы **ЕҚЫҰ ДИАҚБ** «Бейбіт жиындар еркіндігінің мониторингі жөніндегі нұсқаулығында» (2-ші басылым. 11 желтоқсан 2020 ж.)¹² былай делінген: «Полиция митингке шыққандардың бір бөлігін бөліп, оларды қоршап ұстау арқылы көпшілікті бақылау стратегиясы (ағылш. *kettling*), тек төменше жағдайларда ғана, яғни, жағдайға сай түрде және қоғамдық акциялар барысында зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін қолданылуы керек. Әдетте мұндай шаралар еш таңдаусыз қолданылады, яғни қатысушыларға да, қатыспайтындарға да, бейбіт және бейбіт емес қатысушыларға да қатысты қолданыла береді».

Бейбіт жиындар еркіндігі мен ассоциация еркіндігі құқықтары жөніндегі мәселелер бойынша Арнайы баяндамашы **Майна Киай** «Кеттлингке бейбіт демонстранттар және өтіп бара жатқан адамдар, соның ішінде, туристтер де алынып, су ішу және дәрет сындыру сияқты адамның негізгі қажеттіліктерін өтеуге мүмкіндік берілместен ұзақ уақыт бойы ұсталып тұрды» - деп алаңдаушылық білдірді. Майна Киай «бұл тактика бейбіт жиындар еркіндігін жүзеге асыруға үлкен зиянын тигізеді деп есептейді. Себебі, кеттлинг көбінесе таңдаусыз және ретсіз қолданылады. Сондай-ақ, ол полиция қызметкерлері кеттлингті жедел ақпарат жинау үшін пайдаланатынын, бейбіт наразылық білдірушілерді мен тіпті кездейсоқ өтіп бара жатқан адамдардың

«Қоршаудан» шыққан кезде олардың есімдері мен мекен-жайларын хабарлауға мәжбүр ететінін айтады»¹³.

Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстандық Халықаралық бюроның (АҚМЗСЖҚХБ) директоры **Евгений Жовтис** («ЕҚЫҰ-ның «Бейбіт жиналыстар бостандығы жөніндегі басшылық қағидаттарының» бірлескен авторларының бірі), сондай-ақ халықаралық нормалар бойынша күштік құрылымдардың кеттлинг қолдануының заңсыз екенін атап көрсетті: «Кеттлинг – наразылық білдірушілер тобын кордондармен қоршау және оларды ұзақ уақыт бойы сол қоршауда немесе полиция тізбектерінің ішінде ұстау. Кейіннен наразылық білдірушілер босатылуы немесе ұсталуы мүмкін.

БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 21-бабына №37 жалпы тәртібінің ескертуі (БҰҰ АҚК, 2020 жыл). (...) 84. Құқық қорғау органдары қызметкерлері митингке қатысушылардың бір тобын қоршап алып, бұғаттап (бөліп) ұстап тұру шарасы, тек ерекше қажет болған жағдайда және ол іс жүзінде жасалуы мүмкін зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін немесе осы осы топ тарапынан қандай да бір зиянкестікті болдырмау үшін ғана қолданылуы керек. Көбінесе көпшілікті бұғаттау шарасын емес, зорлық-зомбылыққа баруы немесе зиян келтіруі мүмкін деген тұлғаларға қатысты қажетті құқық қорғау шараларын қолданған жөн.

Мүмкіндігінше, зорлық-зомбылықпен тікелей байланысты адамдарды ғана оқшаулауға және бұғаттау ұзақтығын барынша азайтуға ерекше назар аудару керек.

Бұғаттау ретсіз немесе жазалау үшін қолданылған жағдайда, ол бейбіт жиындарға қатысу құқығын бұзады, сондай-ақ жүріп-

¹² <https://www.osce.org/files/f/documents/2/d/488116.pdf>

¹³ «Report of the Special Rapporteur on the rights to freedom of peaceful assembly and of association, Maina Kiai 2013»

(https://www.ohchr.org/Documents/HRBodies/HRCouncil/RegularSession/Session23/A-HRC-23-39-Add1_en.pdf)

тұру еркіндігі сияқты басқа да құқықтарды бұзуы мүмкін».¹⁴

2016 жылғы «Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының» Қоғамдық жиналыстар кезіндегі адам құқықтары мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету нұсқаулығында»¹⁵: «Тәртіпсіздікке қарсы тұрудың бір тәсілі ретінде зорлық-зомбылыққа баруы мүмкін адамдарды ұстау болуы мүмкін. Мұндай әрекеттерді тыюдың көптеген тәсілдері бар (...) Бұл әдіс (кеттлинг – ред) полицияның жиналған топты (немесе оның бір бөлігін) ұстап, олардың жүріп-тұруын шектеп, белгілі бір жерде күш қолдана отырып, ұстап тұруы». Осылайша полиция зорлық-зомбылыққа баруы мүмкін адамдар тобының қозғалысын шектей алады немесе жаппай тәртіпсіздік қаупінің немесе мүлікке елеулі материалдық залал келтірудің алдын алады деп саналады. Кейіннен полиция қоршауда тұрған адамдарды біртіндеп, шағып топтарға бөліп, босата бастайды. Полиция командирлері адамдарды бұлай ұстап тұру пропорционалды емес болу қаупін әрдайым есте ұстауы керек, -мысалы, оның ұзақтығы бойынша (әсіресе егер ол нашар жоспарланған және орындалған болса) немесе ұсталған адамдардың көбі бейбіт адамдар болған жағдайда. Сондай-ақ, ұсталмағандар тарапынан ынтымақтастық акцияларын өткізу қаупі де бар. Адамдарды бұлай қоршауда ұстаудың кері әсері де болуы мүмкін. Сондықтан шеңберге кездейсоқ тап болған адамдарды бұл шеңберден қалай шығаруға болатыны туралы нұсқаулық болуы керек. Жиналғандардың тек бір бөлігі зорлық-зомбылыққа жүгінсе, қалған қатысушыларға бейбіт жиналысты жалғастыруға рұқсат етілуі керек. Адамдарды қоршауда ұстап тұрудың мақсаты әрқашан зорлық-зомбылықтың жалғасуына немесе өршуіне

жол бермеу және бейбіт жиынның әрі қарай жалғасуына мүмкіндік беру болуы керек.

Қоршауға түскен адамдардың негізгі қажеттіліктерін (дәретхана мен судың болуы) қанағаттандыра алу мүмкіндігі болуы керек (бұл әсіресе ауа райы тым ыстық немесе суық болған кезде өте маңызды). Полиция жиналысқа әртүрлі адам қатысатынын және қоршауға да әртүрлі адамдар түсуі мүмкін екенін есте сақтауы керек, сонымен қатар бұл қоршаудан әлсіз тұлғаларды, атап айтқанда, жүкті әйелдерді, балаларды, қарттарды және ауру немесе жарақат алғандарды шығару мүмкіндігін қарастыру керек. Ұстап тұру ұзаққа созылмауы керек және осы тактиканы қолдану қажеттілігі туралы шешім жиі-жиі қаралып отыруы керек».

2014 жылы шығарылған **ЕҚЫҰ ДИАҚБ-НЫҢ** «ЕҚЫҰ-ға қатысушы кейбір мемлекеттерде бейбіт жиындар еркіндігінің мониторингі»¹⁶ есебінде келесі ұсыным бар: «Қоршауда ұстап тұру арқылы топты бақылау стратегиясы тек қана, елеулі зақым келтірілуі мүмкін және қатысушылар жарақат алуы мүмкін жағдайда ғана, және адамның жеке бас бостандығы мен жүріп-тұру бостандығы құқықтарын қатты шектемейтін басқа полиция тактикаларын қолдану мүмкін болмаған кезде ғана пайдаланылуы тиіс». Сонымен қатар, адамдарды ұстап тұру үшін ұзақ уақыт аралығына көп полиция қызметкерлерін тарту қажет».

¹⁴ «Кеттлинг туралы», Адам құқықтары бойынша бюросының сайты (<https://bureau.kz/novosti/o-kettlinge/>)

¹⁵ <https://www.osce.org/ru/odihr/247656>

¹⁶ <https://www.osce.org/odihr/132281>

Арызды қайда жазу керек (Жергілікті деңгейде)

Кеттлинг Сіздің келесі құқықтарыңызды бұзады:

1. Бостандық және жеке басына қол сұғылмаушылық құқығы
2. Заңды ақпаратқа қол жеткізу құқығы
3. Ақпаратқа қол жеткізу құқығы
4. Еркін жүріп-тұру құқығы
5. Азаптан, немесе қатал, рақымсыз, не намысты қорлайтын қарым-қатынастан немесе жазаланудан азат болу құқығы;
6. Бейбіт жиындарға қатысу еркіндігі құқығы
7. Пікір білдіру еркіндігі құқығы.

ҚР Қылмыстық кодексінде кеттлингті заңсыз қолданғаны үшін полицейлерге қолданылуы мүмкін кем дегенде үш бап бар.

146 бап. Азаптау.

362 бап. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану.

414 бап. Көрінеу заңсыз ұстау, қамауға алу немесе қамауда ұстау.

Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» заңында, «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің өкілеттіктері» деген 19-баптың 3-тармағында: «Жеке тұлғалардың

Арызды қайда жазу керек (халықаралық деңгейде)

Алайда, біз Қазақстанда өмір сүріп жатқандықтан, полиция да, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет те, прокуратура да полицейлердің заңға қайшы айқын әрекеттеріне орай шара қабылдамайтыны анық.

Халықаралық деңгейде де мүмкіндіктер шектеулі, өйткені адам құқықтарын бұзатын елдер, әсіресе басқару жүйесі авторитарлық елдер, БҰҰ – ның мамандандырылған құқық

құқықтарын уақытша шектейтін ішкі істер органдары қызметкерлерінің іс-әрекеттері «Заң атымен» деген сөздермен басталуы тиіс. Мұндай жағдайда әрбір адам белсенді әрекеттерін тоқтатуға, ішкі істер органдары қызметкерінің талаптарына мүлтіксіз бағынуға және оның қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты нұсқауларын орындауға міндетті» – делінгенін атап өтейік.

Сонымен бірге, кеттлингті қолдану кезінде және кейінгі немесе алдын-ала ұстау кезінде полиция ешқашан жеке тұлғалардың құқықтарын шектеу кезінде «Заң атымен» деген сөздермен бастамаған. Осылайша, полиция құқықтарын шектеген тұлғалардың әрекеттері заңды бұзбағанын және керісінше: полицияның өздері **заңды бұзғанын және олардың әрекеттері заңсыз екенін растайды.**

Басқаша айтқанда, Сіздің Полиция департаментіне, Полиция департаментінің Өзіндік қауіпсіздік басқармасына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке, Бас прокуратураға, Мамандандырылған тергеу сотына полицияның іс-әрекетіне шағымдануға құқығыңыз бар.

қорғау органдарының ұсыныстары мен шешімдерін орындаудан бас тартады.

Дегенмен, біз БҰҰ, ЕҚЫҰ және ЕП органдарын хабардар етуге және қолжетімді тетіктерді пайдалануға кеңес береміз.

Ақпараттандыру:

- 1) ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы (ағылшын немесе орыс тілдерінде): office@odhr.pl, PublicAffairs@odhr.pl
- 2) БҰҰ-ның бейбіт жиындар мен ассоциация еркіндігі құқығы жөніндегі Арнайы

баяндамашысы (ағылшын тілінде): freeassembly@ohchr.org

3) Заңсыз ұстау бойынша БҰҰ жұмыс тобы (ағылшын тілінде): wgad@ohchr.org

4) Қазақстандағы Еуропалық Парламент делегациясы: Delegation-Kazakhstan-HRFOCALPOINT@eeas.europa.eu

Шағым беру

Егер сіз ҚР ішінде барлық инстанциялардан өтіп, Мемлекет Сіздің құқықтарыңызды қалпына келтіруден бас тартса, онда сіз **БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетке** шағым жазуыңызға болады (шағымды ағылшын тілінде жазған дұрыс, бірақ орыс тілінде де қабылдайды). Тек шағымыңыз бес жылға дейін қаралуы мүмкін екенін және шығарылған шешімді (көбінесе шағымданған адамның пайдасына) ҚР өкілетті органдары орындамайтынын ескерген жөн.

Шағымды электронды поштаға жіберуге болады: petitions@ohchr.org (Хат тақырыбында «БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетке» деп көрсету керек)

Пошта арқылы:

Petitions and Inquiries Section
Office of the High Commissioner for Human Rights

United Nations Office at Geneva
1211 Geneva 10, Switzerland

Факс арқылы: + 41 22 917 90 22 (әсіресе шұғыл мәселелер бойынша)

Шағымдар мен формалар туралы толық ақпаратты мына жерден таба аласыз:

<https://www.ohchr.org/RU/HRBodies/CCPR/Pages/CCPRIndex.aspx>

«Қоршауда» тұрғанның кесірінен қандай да бір физиологиялық немесе психологиялық зақым алсаңыз, онда **БҰҰ-ның Азаптауға қарсы комитетіне** шағымданған жөн

(шағымды ағылшын тілінде жазған дұрыс, бірақ орыс тілінде де қабылдайды).

Мұндай жағдайда, шағым тезірек қарастырылуы мүмкін, дегенмен Қазақстан бұл Комитеттің шешімдерін орындай бермейді немесе кей жағдайларда жартылай орындайды.

Электронды поштаға: petitions@ohchr.org (Хат тақырыбында «БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетіне» деп көрсету керек)

Пошта арқылы:

Palais des Nations
Avenue de la Paix 8-14
1211 Geneva
Switzerland

Кеттлингке түскен адамдарға арналған кеңестер

ҚазТАГ ақпараттық агенттігінің тілшісі кеттлингпен әлі кездеспеген журналистерге басқа адамдарға да пайдалы) кеңес береді¹⁷:

1. Митингке барғанда өзіңізбен бірге бір бөтелке су алыңыз.

2. Егер сізге дәрі-дәрмектерді сағат сайын қатаң қабылдау қажет болса, онда дәрі-дәрмектеріңізді өзіңізбен бірге алыңыз.

3. Жазда басыңыздан күн өтіп кетпесі үшін өзіңізбен бірге қалпақ, қолшатыр және т. б. алған жөн.

4. Қыста ең бастысы-өте жылы аяқ киім мен қалың киім. Бірнеше сағат бойы бір жерде тұру оңай емес, аяқтан тез суық өтіп кетеді, сондықтан ауа райы +5 болса да, аяқ киіміңіз Солтүстік полюске баруға болатындай болуы керек.

5. Митинг алдында бес кесе шай ішу өте жаман идея. Кеттлинг кезінде шеңбердің ішіне биотуалет орнатылғаны есімде жоқ...

¹⁷

<https://kaztag.kz/ru/news/britanskiy-fond-jfj-opublikoval-statyu-zhurnalista-kaztag-o-kettlinge-v-kazakhstane> қараңыз.

Өтініш (үлгі)

Департамент полициясы бастығына

Кімнен:

Аты-жөні _____

ЖСН №: _____

Тұрғылықты мекенжайы:

к. _____

телефоны _____

электронды пошта мекенжайы: _____

Жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы АРЫЗ

Маған сенім білдіруші тұлғалар көрінеу жала жапқаны үшін ҚР ҚК-нің 419 бабы бойынша 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылу түріндегі қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін екені туралы ескерілді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (ҚР ҚДЖК) 180-бабының 1-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына қылмыстық құқық бұзушылық (қылмыстық құқық бұзушылық) белгілерін көрсететін жеткілікті деректер, атап айтқанда, жеке тұлғаның (жеке тұлғалардың) өтініші себеп болады.

Болған жайтты сипаттау:

ҚР ҚДЖК 7 - бабының 29-тармағына сәйкес «Нақты ұстап алу – жүріп-тұру бостандығын қоса алғанда, ұстап алынған адамның бостандығын шектеу, оны белгілі бір орында мәжбүрлеп ұстау, анықтау және тергеу органдарына мәжбүрлеп жеткізу (қолға түсіру, үй-жайға қамау, қандай да бір жерге баруға немесе орнында қалуға мәжбүрлеу және сол сияқтылар), сондай-ақ ұстап алынған адамға қандай да бір процестік мәртебе берілуіне немесе өзге де формальды рәсімдердің орындалуына қарамастан, көрсетілген шектеулер нақты болған кезден бастап адамның бас бостандығын минутқа дейінгі дәлдікпен елеулі түрде шектейтін қандай да бір өзге де әрекеттер».

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі №2 нормативтік қаулысына сәйкес ұстау - бұл «адамның жеке бас бостандығын қысқа уақытқа [...] шектеуден тұратын және уәкілетті мемлекеттік органдар, лауазымды және өзге де тұлғалар заңда көзделген негізде және тәртіппен іске асыратын мәжбүрлеу шарасы», **ал нақты ұстау** - жүріп-тұру бостандығын қоса алғанда, ұстап алынған адамның бостандығын шектеу, оны белгілі бір орында мәжбүрлеп ұстау, [...] сондай-ақ ұстап алынған адамға қандай да бір процестік мәртебе берілуіне немесе өзге де формальды рәсімдердің орындалуына қарамастан, көрсетілген шектеулер нақты болған кезден бастап адамның бас бостандығын сол ұсталған сағаттан бастап минутқа дейінгі дәлдікпен елеулі түрде шектейтін қандай да бір өзге де әрекеттер».

Осылайша **нақты ұстау** _____ (күні) _____ (орын) _____ (қанша сағат)
орын алды.

Көрсетілген мерзімге оларды ұстап тұрған полиция және ЖҚАЖ қызметкерлерінің
_____ (Аты-жөні) ұстаудың ешқандай заңды негізі болған жоқ.

_____ (Аты-жөні) қарсы 72 сағатқа дейінгі мерзімге ұстау түріндегі процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін негіз болуы мүмкін қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген айып бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары басталған жоқ.

Алайда, бұл мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін алдымен ҚР ҚДЖК 129-бабына сәйкес адамның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатыстылығын анықтау мақсатында тұлғаны үш сағаттан аспайтын мерзімге бөлімшеге жеткізу процессуалдық мәжбүрлеу шарасын жүзеге асыру қажет. Сонымен қатар, бұл кезде ұсталған адамның оның не үшін айыпталып жатқанын білуге құқығы бар және оған оның құқықтары түсіндірілуі тиіс.

Тағылған айыптар немесе ұстаудың себептері, олардың құқықтары және т.б. туралы _____ сағаттан астам уақыт ішінде ешқандай ақпарат ұсынылған жоқ.

Осылайша _____ (Аты-жөні) ұстау қылмыстық іс жүргізу заңнамасы шеңберінде көрінеу заңсыз болды.

Егер _____ (Аты-жөні) қатысты рұқсат етілмеген бейбіт жиналысқа байланысты әкімшілік іс басталды деп топшаласақ, онда құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғалары әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауы керек еді. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (ҚР ӘҚБтК) 806-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісі анықталған сәтте дереу жасалады.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 787-бабына сәйкес құқық қорғау органдарының қызметкерлері әкімшілік ұстауды, яғни құқық бұзушылықтың жолын кесу немесе іс жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында жеке тұлғаның жеке бас бостандығын қысқа мерзімге шектеуді жүзеге асыра алады. Алайда, ҚР ӘҚБтК-нің 788-бабына сәйкес әкімшілік ұстап алу туралы міндетті түрде хаттама жасалады, ал ҚР ӘҚБтК-нің 789-бабына сәйкес әкімшілік ұстап алу ҚР ӘҚБтК-нің 785-бабында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті уақыт ішінде жүзеге асырылады және ол үш сағаттан аспауы тиіс.

Әкімшілік ұстау туралы хаттама да, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама да жасалмағандықтан, тіпті бұны процедураға сәйкес жасалмаған әкімшілік ұстау ретінде қарастырған күннің өзінде, нақты ұстау үш сағаттан астам уақытқа созылды, яғни _____ (Аты-жөні) ұстау әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама шеңберінде көрінеу заңсыз болды.

Көрінеу заңсыз ұстағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (ҚР ҚК) 414-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартуға болады және жоғарыда айтылғандарға байланысты, менің сенім білдірушілеріме өздерін таныстырмаған, белгісіз Алматы қаласы полиция департаменті мен Алматы қаласы ПД Бостандық аудандық полиция басқармасы қызметкерлерінің, сондай-ақ ЖҚАЖ жауынгерлерінің және құқық қорғау органдарының басқа да қызметкерлерінің әрекеттерінде ҚР ҚК 414-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері байқалауда.

Сонымен қатар, осы әрекеттер арқылы Құқық қорғау органдарының қызметкерлері билік пен лауазымдық өкілеттіктерін асырып, сонымен қатар _____ (Аты-жөні) физиологиялық және психологиялық зиян тигізіп, яғни олардың іс-әрекеттерінде ҚР ҚК 146, 362-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының барлық белгілері байқалады.

ҚР ҚК-нің 146-бабының диспозициясына сәйкес тергеушінің, тергеуді жүргізуші тұлғаның, немесе өзге лауазымды тұлғаның біле тұра немесе олардың айтақтауымен немесе үнсіз келісімімен, азапталушыдан немесе басқа адамнан қандай да бір мәліметтерді алу немесе мойындату мақсатында немесе күдікті болған іс-әрекеті бойынша оны жазалау, сонымен қатар, азапталушыны немесе үшінші тұлғаны қорқыту немесе мәжбүрлеу немесе түрлі сипаттағы кемсітушілікке негізделген кез келген себеп бойынша азапталушыға

немесе басқа тұлғаға физиологиялық және (немесе) психологиялық зиян келтіруі қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттерге жатады.

Заңсыз нақты ұстау кезінде, яғни ЖҚАЖ жауынгерлерінің оларды қоршауда бірнеше сағат бойы мәжбүрлеп ұстап тұруы кезінде, менің сенім білдірушілерім сол қоршаудан шығу мүмкіндігі болмағандықтан, олардың физиологиялық және психологиялық азапқа ұшырап, ар-намысы қорланып, негізгі адами құқықтары тапталды. Сонымен қатар, олар нақты ұстау орнынан кете алмағандықтан, көшеде бірнеше сағат тұрды *(қыста олар тоңып қалды, тамақтары қарлықты, есінен танды, шаршады, қарындары ашты)*.

Сонымен қатар, _____ (Аты-жөні) қарсы әкімшілік құқық бұзушылық орын алды деп айыптау бойынша іс жүргізу заңнамасында көзделген заңды процедуралар жасалған жоқ, ешқандай сот шешімдері шығарылған жоқ және заңда белгіленген тәртіппен ешқандай әкімшілік жазалар қолданылған жоқ.

Сондай-ақ, _____ қызметкерлер, және құқық қорғау органдарының басқа да қызметкерлері және ЖҚАЖ жауынгерлері ҚР заңнамасына қайшы әрекет етіп, өздерінің заңмен көзделген өкілеттіліктерін асыра пайдаланды.

ҚР ҚК 362 - бабына сәйкес билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану – «мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан әрекеттер жасауы».

_____ к. _____ қызметкерлерінің, құқық қорғау органдарының басқа да қызметкерлері мен ЖҚАЖ жауынгерлерінің заңсыз әрекеттері ҚР Конституциясында кепілдік берілген және Азаматтық-саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде бекітілген келесі адам құқықтарын бұзды:

- бостандыққа және жеке басына қол сұғылмаушылық құқығы;
- еркін тұрып-жүру құқығы;
- азаптан, немесе қатал, рақымсыз, не намысты қорлайтын қарым-қатынастан немесе жазаланудан азат болу құқығы;
- бейбіт жиындар еркіндігі құқығы;
- еркін пікір білдіру құқығы.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, ҚР ҚДЖК 181, 185-баптарына сәйкес

Сұраймын:

_____ (Аты-жөні) және басқа да тұлғаларды ұстау жерінен кету мүмкіндігінсіз, _____ күні _____ (сағат) (аязда) нақты ұстау түрінде ұстап тұрған, _____ к. _____ қызметкерлеріне, құқық қорғау органдарының басқа да қызметкерлері мен ЖҚАЖ жауынгерлеріне қатысты ҚР ҚК 414, 146, 316-баптары бойынша жеке деректерін анықтауды және сотқа дейінгі тергеуді бастауды сұраймын.

2. Менің сенім білдірушілерімді _____ (аты-жөні) іс бойынша жәбірленуші деп тануды сұраймын.

3. Қабылданған шешім туралы заңда белгіленген тәртіппен хабардар етілсін.

_____ күні.

КОЛЫ _____



STOP
КЕТЛИНГ
Кампаниясы

Ақысыз тарату үшін